

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы әкімінің 2025 жылғы 14 наурыздағы № 67 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Құрық ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрық ауылы жерінен жалпы көлемі 0,2134 гектар жер учаскесі "QAZAQGAZ АІМАQ" акционерлік қоғамына төмен қысымды газ құбырын орналастыру және пайдалану үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 2034 жылдың 04 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құрық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім С.Есенкелдіұлы

Шешімге қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Құрық ауылының жері	0,1815
	Босалқы жерлер	0,0319
Барлығы:		0,2134